

**Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттерін бөлу жөніндегі жекелеген мәселелер**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 ақпандағы N 158 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.04. N 102 қаулысымен (2005 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енеді).

*Ескерту. Тақырыптағы, кіріспедегі және 1-тармақтағы "Жайық-Каспий алабында, Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және табиғат пайдаланушылар арасында балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттерін бөлуді реттеу және оларды ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру мәселелері және табиғат пайдаланушылар арасында балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөнінде конкурс (тендер) өткізу ережелері б е к і т і л с і н . < \* >

2. Жайық-Каспий, Балқаш-Алакөл, Зайсан-Ертіс бассейндерінде балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру мәселелері мен балық және басқа да су жануарларын аулау лимиттері мен квоталарын бөлу жөнінде конкурстар (тендерлер) өткізу үшін балық қорларын және басқа да су жануарларын қорғау, олардың өсімін молайту мен пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың арнаулы өкілетті органы (бұдан әрі - арнаулы уәкілетті орган):

арнаулы уәкілетті органның (комиссияның төрағасы);

тиісті облыс әкімдігінің (облыс әкімі орынбасарынан төмен емес);

ғ ы л ы м и ұ й ы м д а р д ы ң ;

арнаулы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдерінен конкурстық (тендерлік) комиссия құрады.

Облыс ішіндегі су айдындарын немесе олардың жекелеген учаскелерін бекітіп беру мәселелері мен балық және басқа да су жануарларын аулау лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі конкурстар (тендерлер) өткізу үшін

арнаулы өкілетті органның аумақтық органдары тиісті облыстың жергілікті атқарушы органымен бірлесіп оларда конкурстық (тендерлік) комиссия құрады.  
<\*> *ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.22. N 276*

қаулысымен.

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.25. N 378* қаулысымен.

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.14. N 304*

қаулысымен.

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290*

қаулысымен.

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасында балық және басқа да су жануарларын аулау Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1480 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 49, 479-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасында балық және басқа су жануарларын аулау Ережесінде:

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Жекелеген жағдайларда конкурстар (тендерлер) өткізудің тәртібін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді."

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2000 жылғы  
3 ақпандағы N 158

қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру мәселелері және табиғат пайдаланушылар арасында балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөнінде конкурс (тендер) өткізу ережелері <\*>**

*Ескерту. Тақырыптағы, 1 және 2-тармақтағы "Жайық-Каспий алабында, Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204* қаулысымен.

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру мәселелері және

табиғат пайдаланушылар арасында балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөнінде конкурс (тендер) өткізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру мәселелері және балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөнінде конкурс (тендер ) өткізу үшін конкурстық (тендерлік) комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады < \* >

*Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290 қаулысымен.*

*Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қ а у л ы с ы м е н .

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін және айналадағы ортаны қорғау мен жануарлар әлемін пайдалану саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережелерді басшылыққа алады .

4. Балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі конкурсты(тендерді)(бұдан әрі - Конкурс) дайындау мен өткізілуін ұйымдастыруды балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган және оның аумақтық органдары жү з е г е а с ы р а д ы . < \* >

*Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290 қаулысымен.*

*Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қ а у л ы с ы м е н .

5. Конкурс өткізу және оның шарттары туралы хабарландыру ол өтетін күнге дейін бір ай бұрын мерзімді баспасөз басылымында жарияланады.

Жайық-Каспий, Балқаш-Алакөл және Зайсан-Ертіс бассейндерінің су айдындары жөнінде ол "Казахстанская правда" мен "Егемен Қазақстан" газеттерінде жар и я л а н а д ы .

*Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қ а у л ы с ы м е н .

6. Табиғат пайдаланушылар меншік нысандарына қарамастан, конкурсқа (тендерге) қатысу үшін қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді.

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қ а у л ы с ы м е н .

7. Егер қатысуға өтінішті екеуден кем табиғат пайдаланушы берген болса немесе конкурстық (тендерлік) комиссия барлық табиғат пайдаланушылардың ұсыныстары конкурстың (тендердің) шарттарын қанағаттандырмады деп таныса, конкурстық (тендерлік) комиссия конкурс (тендер) өтпеді деп таниды.

Балық кәсіпшілігі су айдындарын (учаскелерін) бекітіп беру және Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарындағы балық және басқа да су жануарларын аулау лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі конкурстық (тендерге) қатысу үшін өтінімге қосымшада көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған немесе оларды дұрыс ресімдемеген жағдайда мұндай конкурстық (тендерлік) өтінім қабылданбайды және оны конкурстық (тендерлік) комиссия қарамайды.

*Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен*

8. Конкурсты өткізу барысында артықшылықтар: суайдындардың экологиялық жай-күйін, гидробионттардың тіршілік ету жағдайларын және балық қорларын молықтыруды жақсартуға бағытталған балық өсіру-мелиоративтік іс-шараларын жүргізуге белсене қатысатын; заңдарда көзделген жануарлар әлемін қорғау, молықтыру және пайдалану жөніндегі талаптарды орындайтын; балық пен басқа да су жануарларын аулауға бөлінген лимиттерді іс жүзінде игеру мүмкіндігі бар (яғни, аулау құрал-саймандарының, жүзу құралдарының, кәсіпшілік тетіктерінің, өндірістік қуаттарының, балық қабылдау пункттерінің, көлігінің, тоңазытқыш қондырғыларының және т.с.с. болуы) табиғат пайдаланушыларға беріледі.

9. Балық және басқа да су жануарларын аулау лимиттері мен квоталарын конкурстық (тендерлік) комиссия табиғат пайдаланушылардың көрсеткіштерін рейтингтік бағалау негізінде бөледі. Рейтингтік бағалауды анықтау тәртібін арнаулы уәкілетті орган бекітеді.

Табиғат пайдаланушылардың рейтингтік бағасы тең болған жағдайда басымдылық қызметінің негізі балық аулау және оған байланысты қызмет болып табылатын жергілікті жағалау аудандарының мамандандырылған жеке және заңды тұлғаларына беріледі.

Конкурстық (тендерлік) комиссияның шешімі осы қаулының 8-тармағын ескере отырып, мәжіліске комиссия мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысқан кезде көпшілік дауыспен қабылданады және хаттама түрінде ресімделеді. <\*>

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен*

10. Комиссияның ұсынымдық шешіміне сәйкес: тиісті облыс Жайық-Каспий, Балқаш-Алакөл және Зайсан-Ертіс бассейндерінің су айдындары жөніндегі әкімдігі балық кәсіпшілігі учаскелерін облыстың әкімшілік шекарасы шегінде бекітіп беру туралы шешім қабылдайды.

< \* >

балық шаруашылығы саласындағы Жайық-Каспий, Балқаш-Алакөл және

Зайсан-Ертіс бассейндерінің су айдындары жөніндегі уәкілетті орган мен тиісті облыс әкімі табиғат пайдаланушылар арасында балық және басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу туралы бірлескен шешімдер қабылдайды. < \* >

облыс ішіндегі балық шаруашылығы су айдындары бойынша балық аулау кәсіпшілігіне және басқа да су жануарларын аулауға құқық беру және балық шаруашылығы су айдындарын немесе олардың учаскелерін табиғат пайдаланушыларға бекітіп беру туралы шешімді тиісті облыстың әкімдігі қабылдайды. < \* >

*Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290 қаулысымен.*

*Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*

қаулысымен .

11. Тиісті шешім қабылданғаннан кейін балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган табиғат пайдаланушылармен балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және балық ресурстарын пайдалану туралы шарттар жасасады. < \* >

Балық кәсіпшілігі учаскелерін бекітіп беру және балық ресурстарын пайдалану туралы шарттың үлгі нысаны мен оны жасасу тәртібін балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган белгілейді. < \* >

*Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290 қаулысымен.*

Табиғат пайдаланушылар арасында  
балық кәсіпшілігі су айдындарын  
(учаскелерін) бекітіп беру және  
балық пен басқа да су жануарларын  
аулаудың лимиттері мен квоталарын  
бөлу жөнінде конкурс (тендер)  
өткізу ережелеріне қосымша

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 290 қаулысымен.*

**Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балық кәсіпшілігі су айдындарын (учаскелерін) бекітіп беру және балық пен басқа да су жануарларын аулаудың лимиттері мен квоталарын бөлу жөніндегі конкурсқа (тендерге) қатысу үшін**  
**ӨТІНІМ**

*Ескерту. Тақырыптағы "Жайық-Каспий алабында, Балқаш көлі мен Алакөл көлдер жүйесінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204 қаулысымен .*

1. Атауы, ведомстволық тиістілігі, құрылтайшы, деректемелері  
мекен-жайы \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_ облыс әкімдігінің \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_  
шешіміне және "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ балық  
шаруашылығы саласындағы арнайы уәкілетті органмен жасаған N \_\_\_\_\_  
шартқа сәйкес бұрын бекітіліп берілген су айдыны (учаске) (итбалық  
а у л а й т ы н о р ы н )

3. Өндірістік қызметінің негізгі бағыты, қай уақыттан бастап  
балық аулауды және балық өнімдерін қайта өңдеуді (итбалық аулау мен  
оны қайта өңдеуді) жүзеге асырады

4. Өтінім берілген су айдыны немесе учаске (итбалық аулайтын  
орын) \_\_\_\_\_

5. Өтінім балықтың түрлері бойынша аулау (итбалық аулаудың)  
к ө л е м і ( л и м и т і )

6. \_\_\_\_\_ жүзетін құралдардың  
Балық аулау ережелеріне сәйкес келетін аулау (итбалық аулау)  
құралдары тиісті біліктілігі (жұмыс тәжірибесі, арнайы дайындығы)  
бар балықшылардың саны (итбалық аулайтын кәсіпші-аңшылар)

к ә с і п т е т і к т е р і н і ң б о л у ы

б а с қ а д а м ә л і м е т т е р

7. Өндірістік қуаты:  
өндірістік үй-жайлар, цехтар (шаршы м.)

тоңазытқыш қондырғылар (қуаты)

технологиялық жабдықтар (қуаты және басқа да өндірістік  
с и п а т т а м а л а р ы )

б а с қ а д а м ә л і м е т т е р

8. Балық қорларының өсімін молайту, мелиорациялау бойынша іс-шаралардың және өз қаражаты, растаушы құжаттарды ұсына отырып, ақшалай мәндегі демеушілік көмектің есебінен соңғы үш жылда жүргізілген іс-шаралардың түрлері мен көлемі

---

Ө т і н і м г е қ о с ы м ш а л а р :

заңды тұлға жарғысының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;  
мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған  
к ө ш і р м е с і ;

бюджет алдында берешектің болмауы туралы Салық комитетінің анықтамасы  
;

қаржылық жай-күйі туралы банктің анықтамасы;  
аулау құралдарының, балық кәсіпшілігі орындардың, өндірістік  
үй-жайлардың санитарлық жағдайы туралы санэпидқызметтің анықтамасы;  
табиғат пайдаланушылар бұрын өздері шарт міндеттемелерінің орындалуы,  
өтінім берілген балық аулау лимиті мен квоталарын игеру үшін қажетті  
балықшылардың аулау құралдарының, кәсіпшілік тетіктердің, жүзетін  
құралдардың және т.б. болуы мен жай-күйі туралы арнайы уәкілетті органның  
және (немесе) оның ведомстволық бағыныстағы тиісті ұйымдарының  
а н ы қ т а м а - қ о р ы т ы н д ы с ы ;

ағымдағы жылға арналған табиғат қорғау іс-шаралары бойынша басшы  
бекіткен Міндеттемелер-жоспары, оның ішінде су айдынының экологиялық  
жай-күйін, гидробионттардың мекендеу жағдайын жақсарту және олардың  
көлемі мен қаржыландыру көздерін көрсете отырып, балық қорларының өсімін  
молайту бойынша балық-мелиорациялық жұмыстар.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.29. N 1204*  
қаулысымен .

Берілген күні.

Ұ й ы м н ы ң

мөрі \_\_\_\_\_

Басшының аты-жөні, қолы